

М. ҚОЗЫБАЕВ
К. НҰРПЕЙІС
Қ. ЖҮКЕШЕВ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

9



«МЕКТЕП» БАСПАСЫ

М. ҚОЗЫБАЕВ
К. НҰРПЕЙІС
Қ. ЖҮКЕШЕВ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(1914 – 2004 жж.)








Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



АЛМАТЫ “МЕКТЕП” 2005

Оқулықтағы шартты белгілер:

-  — Пәнаралық байланыс
-  — Еске түсіріңдер
-  — Сендер білесіңдер ме?
-  — Қосымша материал
-  — Пысықтау сұрақтары
-  — Атаулы күндер
-  — Сұрақтар мен тапсырмалар
- * — Күрделендірілген тапсырма

Арнайы редакторы С.Ф.Мәжитов — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ә.Мараұлан атындағы сыйлықтың лауреаты

Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты

Қозыбаев М. т. б.

Қ58 Қазақстан тарихы (1914 — 2004 жж.): Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Қ. Жүкешев. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2005. — 248 бет: суретті.

ISBN 9965—33—345—9

Қ $\frac{4306020600-143}{404(05)-05}$ 78(1)—05

ББК 63.3(5Қаз)я72

© Қозыбаев М., Нұрпейіс К.,
Жүкешев Қ., 2005

© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2005

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлдіктік құқық-
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 9965—33—345—9

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Қолдарыңдағы жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған “Қазақстан тарихы” оқулығында еліміздің 1914 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихы қамтылды.

Үш бөлімнен тұратын оқулықтың “Қазақстан азаматтық қарсы тұру кезеңінде” деп аталатын бірінші бөлімінде — қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі тұсындағы бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Қазақстанның кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайындағы даму тарихы — екінші бөлімде, 1991 жылдан күні бүгінге дейінгі тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік өмірінде болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар — үшінші бөлімде сипатталады.

Оқулық белгілі бір тарихи кезең оқиғаларын терең қамтыған тарауларға, негізінен, бір сабақ көлемінде сағатта өтілуге арналған параграфтарға, қысқа тақырыпшаларға бөлінген. Сендер оқулық материалдарын оңай түсіну үшін параграф соңында сұрақтар мен тапсырмалар, иллюстрациялар, кестелер, еске түсіру материалдары, мысалдар, сандық мәліметтер, қорытындылар мен қосымша материалдар берілген, сілтемелер негізгі мәтіннен бөлек қаріппен терілді.

Оқулық тараулары халықтың басынан кешкен белгілі бір тарихи-оқиғалық тұтастығы бар кезеңдерден құрылған. Мәселен, оқулықта 1941—1945 жылдардағы соғыстан кейінгі онжылдықтарда Қазақстан өнеркәсібінде шикізат өндірушілік бағыттың қалыптасуы және оның себептері ашып көрсетіледі. Тоқырау кезеңінің экономикасы баяндалған тұстарда әскери өнеркәсіп кешенінің үстемдігі және республика аумағында жол берілген

келеңсіз экологиялық апаттар туралы сөз болады. Ауыл шаруашылығының мәселелерін шешу арқылы өкімшіл-өміршілік басқару аппаратының алысты көздеген демографиялық саясатының сыры ашылады. Саяси-әлеуметтік мәселелердің мәні тарихи оқиғалардың ерекшеліктерімен ұштастырыла баяндалады.

Оқулықта Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға көбірек орын берілген. Тәуелсіздік жағдайындағы саяси даму, экономикада қалыптасқан ахуал, Конституциялардың қабылдануы, тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жағдайы т.б. тақырыптарға жеке параграфтар арналған. Бұл тақырыптарды сендер тәуелсіз Отанға деген мақтаныш сезіммен құлшына оқып-үйренулерің қажет.

Оқулықта коммунистік билік жылдарының да, тәуелсіз даму кезеңінің де шуақты және көлеңкелі тұстары сөз болады, өзге ұлт өкілдерінің ар-намысын бағалай отырып, жергілікті халықтың басынан өткерген әлеуметтік тұрмыстық зардаптары түсіндіріледі. Қолдарындағы оқулықтың тарих тағылымын тереңірек меңгерулеріңе көмегі тиеріне сеніміміз зор.

Олай болса, іске сәт, қадірлі оқушылар!

Бірінші бөлім

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫ ТҮРУ КЕЗЕҢІНДЕ

I т а р а у. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

§1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ СИПАТЫ

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Ресей құрамындағы Қазақстан. Қазақстанда 1916 жылғы қозғалыстың басталуы, себептері. Қазақ саясаткерлерінің патша жарлығына қатысты көзқарастары. Қозғалыстың сипаты және қозғаушы күштері.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан (1914—1918 жж.). XIX ғасыр Қазақстан үшін Ресей империясына тұтастай бодандыққа көшуімен ерекшеленеді. XX ғасырдың басында ол шикізат өндіретін ері сауда рыногы болып танылған отарлы өлке санатында жалпыресейлік шаруашылық кешенінің құрамды бөлігіне айналды.

Капиталистік қатынастарға ерте көшкен елдер дамуы жағынан едәуір озып кетіп, өлемнің қарқынды дамыған мемлекеттерінің алдыңғы легін құрды. Ресей капиталистік экономика жолына кеш түссе де, жедел дамып, орташа дамыған екінші лекте өзін нық сезінді. Азияның, Африканың, Латын Америкасының баяу дамыған елдері үшінші қатарда қалды. Алдыңғылар соңына ерген елдерге қысым жасады, олардың ішкі істеріне қол сұқты, байлығы мен шикізатын пайдаланды. Ресей де Азия елдеріне көз тікті, шет өңірлерді өзінің отарына — шикізат, тұрақты нарық көзіне айналдырды.



Ахмет Байтұрсынұлы

Ресейдің алға шығуына негізгі кедергі — феодализм қалдықтары: биліктің патшалық болмысы, дворяндардың үстемдігі, помещиктік жер иелену, буржуазияның, халық бұқарасының саяси биліктен шеттетілуі болатын. Шаруалардың жерінің аздығы, олардың меншікке байланысты бөлшектенуі, елдің тұрмыс жағдайының ауырлығы, халықтың кедейлене түсуі, “бұратана” деп аталған халықтардың ұлттық езілуі сияқты факторлар да Ресейді етектен тартты.

XX ғасырдың басында капиталистік елдер арасындағы қайшылықтар күшейе түсті. Дамыған мемлекеттер бөлшектеніп кеткен отарларды қайта бөлгісі келді. Оларға арзан шикізат көзі жетіспеді. Өзара топ құрып одақтасқан бәсекелес әскери-саяси блоктар — үштік Одақ (Германия, Австро-Венгрия) пен Антанта (Франция, Англия, Ресей) тартысы 38 мемлекет қатысқан дүниежүзілік соғысқа әкеліп соқтырды.

“Қазақ” газетінде Ә.Бөкейхановтың “Тағы соғыс” деген мақаласы басылды. Онда автор соғыстың әділетсіз екендігін, күшті мемлекеттер тарапынан зорлық саясат жүргізіліп отырғанын дәлелдеді. Ол: “Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін — сорлы халық болар. Жиырмамыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ?” — деп жазды.

Қазақ сахарасының болмысы XX ғасырдың басында күрделене түсті. Ресей Азиялық Шығысты отарлауды жедел қарқынмен жүргізді. 1907—1912 жылдардың өзінде елдің еуропалық бөлігінен 2 млн 400 мың адам әкеліп қоныстандырылды. Қазақтар шұрайлы жерінен айырылды. Сонау Столыпин реформасының бас кезінде-ақ “Санкт-Петербургские ведомости” газеті: “Егер мемлекет мүддесі қырғыздарды құрбан етуді талап етсе, әрине, бұған қарсы шығудың керегі жоқ...” — деп жазған болатын.

1917 жылға қарай Қазақстанда қоныстанатын жерлерге, помещиктік жер иелеріне, монастырьларға, қалалар мен теміржолдар үшін бөлінген өңірлерге ең жақсы егістік жер мен жайылымдардың 45 млн-нан астам десятина жері тартып алынды. Қоныстанушылар жалдамалы еңбекті пайдаланды. Өз елінде жерсіз қалған қырғыз-қазақ батырақтары пайда

болды. “1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этностық жанжалдар даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды”, — деп жазды Т.Рысқұлов.

Өлкені талан-таражға салу бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бұрынғысынан да жеделдете жүргізіліп, ауқымды сипат алды. Қазақ даласынан арзан бағамен орасан көп мөлшерде мал сатып алынды. Патша армиясы үшін киіз үй мен бұйымдар жиналды. Салық мөлшері өсіп, соғыс салығы енгізілді, мемлекеттік заемдар таратылды, баж салығын төлеу міндеттелді, жергілікті халық соғысқа арналған жүктерді (негізінен, азықты) теміржол станциясына тасуға мәжбүр болды.



Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Ресейдің саяси-әлеуметтік жағдайы қандай болды? (Қазіргі дүние жүзі тарихы. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2005.)

Көтерілістің себептері және басталуы. Қазақ даласынан ет, мыңдаған жылқы мен түйе майданға жіберілді. Әскерге алынған отбасыларына көмек көрсетуді желеу етіп, батырақ қазақтарды кулактар шаруашылықтарына, кәсіпорындарға “ерікті түрде” жұмысқа тартты. 1916 жылы патша өкімшілігі ресейлік отаршылдар үшін жаңадан жер тартып алуды ойластырды. **А.Байтұрсынұлы** сонау 1913 жылдың өзінде: “Қазақ ұлттының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды”, — деп жазған еді.

Көтерілістің негізгі себебі ұлттық және әлеуметтік езгінің халықтың кегін қайнататын деңгейге жетуінен болды. Отаршылдық болмысқа, туған елдің талануына, кіндік қаны тамған жерден айырылуға шыдамаған халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы жаппай күреске шықты. Қазақтан қара жұмысқа жігіт алу — көтеріліске желеу болған негізгі себепші фактор еді.

1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығы бойынша, қара жұмысқа 19-дан 43 жасқа дейінгі еңбекке жарамды барлық ер адамдар алынуға тиіс болатын. Сол арқылы патша үкіметі көптеген орыс солдаттары мен жұмысшыларын неғұрлым көнбіс және арзан жұмыс күші ретінде “реквизицияланған бұратаналармен” ауыстырып, оларды қорғаныс құрылыстары мен басқа да тыл жұмыстарынан босатқысы келді. Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді. Бұл жағдай қазақ даласына үлкен қобалжу туғызды.

М.Дулатұлы айтқандай: “жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды”.

1916 жылғы 23 тамызда генерал-губернатор А.Куропаткиннің құпия бұйрығымен қара жұмысқа шақырудан босатылғандар: болыстық, ауылдық басқармалардың лауазымды адамдары; жергілікті бұратаналардан шыққан төменгі полициялық шенділер; имамдар, молдалар мен мүдәрістер; ұсақ несие мекемелеріндегі есепшілер; үкімет мекемелеріндегі жоғары лауазымды жергілікті бұратаналар; дворян және ата-бабасынан бастап, сондай-ақ жеке басы құрметті азамат құқықтарын пайдаланатын жергілікті ұлт өкілдері.

Патша өкіметі айла қолданып, қоғамның болмашы бір бөлігін — жергілікті өкімшілікті, байлар мен мұсылман дінбасыларының бірқатарын жалпыұлттық қозғалыстан бөлшектеп, аман алып қалды да олар жергілікті өкімшіліктің тыл жұмыстарына адамдар алуына көмектесті. Сол көмегі үшін олардың балалары қара жұмыстан босатылып отырды. Бұл кедейлердің ызасын келтірді.

Мәселен, Қостанай уезі Меңдіқара болысының батырақ-шаруалары былай деп жазған: “Кедейлердің ауру балалары “жұмысқа жарамды” деп танылды, ал бай балалары дені сау және тепсе темір үзетін болса да, әскери алқалардың төрағасы мен мүшелеріне көп пара бергендіктен, үйлеріне қайтарылды”.

Патша жарлығына жауап ретінде орасан ауқымды өңірдің — Қазақстан мен Түркістанның халқы стихиялы түрде бір мезгілде көтеріліске шықты. Жер-жерде көтерілісші жасақтары құрылып, олар қара жұмысқа шақырылушы жастардың тізімін тартып алып, жойып жіберді, байлардың ауылдарына шабуыл жасады, борышқорлық және салық тілхаттарын жойды, жерді сату басқармаларын, болыстардың ауылдарын талқандады. Көтерілісшілердің патша әскерімен қақтығыстары жиілей түсті.

Көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі дәстүрлі мемлекеттік басқару жүйелерін қалпына келтірді. Кей жерде дала дәстүрі бойынша ақсүйек өкілдерінен хан сайланып жатты.

Ырғыз, Торғай уездерінде дала ақсүйектерінің 9 өкілі хан көтерілді. Ақмола облысының Ерексай және Әйелді болыстарында хан және 4 қазы

сайланды. Шерубай-Нұра болысында — Нұрлан Қияшев, Қарашақ болысында Оспан Шоңов хан болып жарияланды. Верный уезінің Жайымтал болысының ханы болып Бекболат Әшекеев сайланды. Болыстық басқару жүйесі қалпына келтіріліп, ел бегі — әкім, сот алқасы — жасақшы, қазына билеуші — қазынашы, көтерілісшілер армиясының қолбасшысы — сардарбек тағайындалды.

Көтеріліске шыққан халық күш біріктіру қажет екенін түсінді. Верный уезінің көтерілісшілері Наманған және Таластың жоғарғы ағысындағы Өулиеата уездерінің көтерілісшілерімен байланыс орнатты. Көтеріліске шыққан албандар ұйғырлармен, қырғыздармен және дүнгендермен күш біріктіріп қимыл жасады.

Қазақ демократтарының саяси көзқарастары. Жергілікті патша өкімшілігінің анықтамасы бойынша, қазақ даласында біреуі — жұмысшылар бергісі келмейтін, екіншісі — бұйрықты орындауға келісетін екі партия құрылды. Ат төбеліндей байлар, ауыл старшындары патша Жарлығын жақтап шықты.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған қазақтың либерал-демократиялық зиялы қауымы басқа бағыт ұстанды. Олар қазақтарды “Ресей мемлекетінің бодандары, Отанның перзенті” деп санады. Ахмет Байтұрсынұлы: “Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз”, — деп жазды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы өздері қол қойған үндеуде екі баламаны алға тартты: “Бірі — барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі — “бармаймын” деп қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді...”

Қозғалыс баспылары қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды уақытша кейінге қалдыруды, оны тиісті дайындық жұмыстарынан соң жүзеге асыруды ұсынды. Бұл орайда олар соғыс жеңіспен біткен жағдайда өз



Міржақып Дулатұлы



Тұрар Рысқұлов

халқының тағдырын жеңілдетуден және ұлттық автономия құрудан үміттенді. Олар: “қарусыз халық үкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады” деп қауіптенді. “Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар”, — деп жазды олар 1916 жылғы қазандағы Үндеу хатында. Қазақ халқының либералдық-демократиялық ойшыл өкілдері отаршыл империямен парасаты ымыраластық тәсілін жүргізуді, халықтың амандығын және оның этностық тұтастығын сақтау идеясын бірінші орында ұстады.

Тарих осы бағыттың дұрыс болғанын дәлелдеді.

Ұлт-азаттық қозғалысқа революцияшыл-демократияшыл зиялылардың Т.Рысқұлов, Т.Бокин, Ө.Майкөтов, С.Сейфуллин, С.Меңдешев, Ө.Жангелдин, Б.Алманов сияқты өкілдері де қатысты. Күрес барысында әлеуметтік жанжалдарды шешуде әр түрлі топтардың белгілі бір көзқарастары сынақтан өтті.

Қозғалыстың сипаты, қозғаушы күштері. 1916 жылғы қозғалыс бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды. Ол стихиялы түрде басталды және әлеуметтік құрамы жағынан біртекті болған жоқ. Оған көмір кеніштерінің, мұнай кәсіпшіліктерінің, Ертіс кемешілігінің, Омбы, Орынбор—Ташкент теміржолының қазақ жұмысшылары қатысты. Олардың ауылмен және шаруа қожалықтарымен байланысы қозғалысқа стихиялы шаруалар қозғалысы сипатын берді. *Қозғалыстың басты күші тұтастай халық бұқарасы болатын.*

Қозғалыстың ауқымды әлеуметтік негізі бар еді. Жалпыұлттық бірігу және ұлттық тәуелсіздік идеясы қазақ шаруалары мен жұмысшыларының түрлі топтарын, қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазия мен даланың дәстүрлі ақсүйектерін, ұлт зиялыларын орыс және шетел капиталына қарсы біріктірді. Тұтас ауылдар, болыстар, уездер өздерімен бірге барлық мүліктері мен малын алып, дала қойнауына терендеді, көтеріліс шыққан аудандарда оларға байлар да қосылуға мәжбүр болды. Басқа

“бұратаналар” — дүнген, ұйғыр, өзбек, қырғыздар да көтерілісшілерді жақтап шықты.

- [?!]** 1. Қозғалыстың себептерін талдап түсіндіріңдер, қозғаушы күштерін дәлелді анықтандар.
2. Тарихта бұл қозғалыстың ұлт-азаттық қозғалыс ретінде сипатталуына қандай негіз бар?
3. 1916 жылғы қозғалыстың XIX ғасырдағы қазақтар көтерілістерінен айырмашылығы қандай?
4. Қазақ демократтарының ұстанымдарына баға беріңдер.

§2. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ БАРЫСЫ

Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен басшылары. Торғайдағы қозғалыс. Амангелді Иманов. Қозғалыстың басылуы. Ұлт-азаттық қозғалыстың жеңілу себептері, қорытындылары және тарихи маңызы.

Қозғалыстың Жетісудағы орталығы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі орталықтарының бірі Жетісу болды. Орасан зор өңірді түгелдей халықтық қозғалыстың жалыны шарпыды.

Қазақ және қырғыз еңбекшілерінің қимылдары патша өкімшілігін мазасыздандырмай қоймады. 1916 жылғы 20 шілдеде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып тағайындалған генерал А.Куропаткин “Қандай амалды болса да қолданудан тайынбай, көтерілісшілерді бағындыруға”, “лаң салушыларға қарсы күресу үшін байырғы халықтың рулық немесе тайпалық араздығын пайдалануға” нұсқау берді.

Өз кезегінде Жетісудың генерал-губернаторы М.А.Фольбаум жергілікті казактардан жазалау отрядтарын ұйымдастыру үшін — казак станицаларына асығыс түрде винтовкалар мен патрондар жіберді. Қоныстанушы орыс кулактары қаруландырылды. Жазалау отрядтарының жанынан, облыстың уездік қалалардан әскери-дала соттары құрылды.

Аз ғана уақыт ішінде қозғалыс Шу өзені мен Ыстықкөлге жапсарлас жатқан аумақты қамтыды. Көтерілісшілер телеграф желілерін қиратып, пошта станцияларына, болыс ауылдарына, жазалаушы отрядтарға шабуыл жасады. 10 мыңнан астам қырғыз-қазақ көтерілісшілері Тоқмақты қоршады. Жаркент уезінде көтерілісшілер Таврия, Владислав, Мещеры, Краснояр, Новокиев қоныстарын басып алды. Ұзынағашқа жақын тауларда Жайымтал болысының көтерілісшілері мен подполковник Базилевичтің жазалау отрядының арасында күші тең емес шайқастар болды.

Отаршылар “бұратаналарға” қарсы күрестің сыннан өткен тәсілдерін шебер пайдаланды. Патша әкімшілігі ұлтаралық қақтығыстар туғызу үшін арандату шараларын қолданды. Жазалау отрядтарының басшыларына: “Қырғыздардың топтасып бас қосуын бүлік деп санап, ондайларды жаныштаңдар, толқудың алғашқы нышаны байқалғанда-ақ екінші дәрежелі басшыларын болса да тұтқынға алып, дала сотына беріндер де, дереу дарға асындар”, — деген нұсқау берілді.

Қарқара өңірі патша режимімен күреске бел байлағандардың ірі ошағы болды. 1916 жылғы тамызда 5 мыңнан астам көтерілісші жазалау отрядын талқандап, Қарқара жәрмеңкесін басып алды.

Лепсі уезінде жазалау отрядтары мен Жетісу көтерілісшілерінің қарулы қақтығысы болды. Мерке, Әулиеата көтерілісшілері Мойынқұмда табан тірескен шайқас жүргізді.

Көтеріліске шыққан халықтың қалауымен көтерілісшілерді болыс *Бекболат Әшекеев* (Верный уезі), *Жәмеңке Мәмбетов*, *Ұзақ Саурықов* (Қарқара), *Ақкөз Қосанов* (Мерке ауданындағы Құрақты болысы) және басқалар басқарды.

Түркістан өлкесінде 347 адам атылды, 168 адам жер аударылды. Сотсыз атылғандарда есеп болмады. Жетісуда көтеріліс жасаған ауылдардың 238 мыңнан астам халқы Қытайға ауып кетуге мәжбүр болды.

Верныйдан Қытаймен шекараға дейінгі аралықта ауылдар мен қыстақтар қираған үйінділерге айналды. Қалған бөлігі — осы орасан үлкен аймақтағы қазақтар құнарсыз таулы аудандарға немесе Балқаш маңайындағы шөл далаға қуылды.

Торғайдағы көтеріліс орталығы. 1916 жылғы қозғалыстың ең ірі оқиғаларының бірі Торғай облысында орын алды. Мұнда қазақ шаруаларының күресі мейлінше табанды болып, ұзаққа созылды. Жергілікті ауылдық-болыстық әкімшіл басқарудан аластатылып, билік көтерілісшілердің қолына көшті. Торғай уезіндегі қыпшақ руының көтеріліске шыққан қазақтары Орта жүздің ықпалды биі Нияздың немересі, аса беделді *Әбділғафар Жанбосыновты* өздерінің ханы етіп сайлады. Атақты Иман батырдың немересі *Амангелдіні* сардарбегі етіп тағайындады.

Торғайдағы қозғалыс ошағы биліктің бір орталықта болуымен, көтерілісшілер қозғалысын басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесімен көзге түсті. Әскери іс мәселелеріне Әскери Кеңес баса назар аударып отырды. 1916 жылғы қыркүйекте Торғай уезінде Амангелді Иманов көтерілісшілердің үлкен жасағын құрып, қару жасаушыларды ұйымдастырды және көтерілісшілерді әскери өнерге өзі үйретті. Олардың жалпы саны 20 мыңға дейін жеткен. Көтерілісшілер қатарын Ырғыздан, Қостанайдан, Ақтөбеден, Байқоңыр және Шоқпаркөл кеніштерінен, Орынбор — Ташкент теміржолынан келген жұмысшылар толықтырды.

Көтеріліс сардарбегі А.Иманов ұрыс жүргізудің өзіндік тактикасын қолданды: мергендерден ерекше жасақтар құрып, оларды шағыл құмдардың арасына орналастырды; жазалау отрядтарының коммуникациялық жолына тез қимылдайтын атты әскер жіберіп отырды. Жазалаушылар Торғай көтерілісшілерінің “әскери сап құратынын, колоннамен лек-лек болып жүріп, бірден лап қоятынын, тынығу кезінде тосқауыл қойып, 25 шақырымнан астам жерге шолғыншы жіберіп отыратынын” байқап білді.

Қазан айының соңында Амангелді Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Көтерілісті талқандау үшін патша үкіметі генерал Лаврентьев басқарған тоғыз мың адамдық жазалаушы экспедициялық корпус жіберді. Торғайға беттеген жолында жазалаушы отряд қазақ ауылдарын шапты. Торғайды ала алмайтын болғандықтан, көтерілісшілер қоршауды тоқтатып, Батпаққара жазығы мен Аққұм құмының маңына ірге теуіп, партизандық күрес әдісіне көшті.

Амангелдінің серігі, атақты мерген *Кейкі* батыр жасағы жігіттерінің құйындай ұйтқып жасаған шабуылдары жазалаушылардың зәресін ұшырды. Амангелді Иманов сарбаздары жазалаушы отрядтарына Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа, Доғал-Үрпек түбіндегі шайқастарда, Торғайды қоршаған кезде табан тірей қарсылық көрсетті.

Доғал-Үрпек түбіндегі ұрыс жеңіліспен аяқталды. Шегіне отырып ұрыс жүргізген 40 сарбазды жазалаушылар қоршап алды. Сарбаздар соңғы оғы қалғанша атысып, тірі қалғандары кешке қарай қолына найза алып, қоян-қолтық айқасқа түсті. Көтерілістің аяусыз жанышталғанына қарамастан, көп жерде бой көрсету бұдан кейін де біраз уақытқа жалғасты.

Патша өкіметі көтерілісшілерден аяусыз кек алды. 3 000-ға жуық адам жазаланды. Жүздеген ауылдар өртеліп, көптеген бейкүнә адамдар атылды. Алайда тарихтың өзі тәрік еткен отаршылдық жүйені жазалау экспедициялары да, әскери-дала соттары да, атып-асу да құтқарып қала алмады. Бұл қазақ халқының езілген Ресей халықтары азаттық күресінің жалпы тасқынына біржола қосылғаны еді.

Қозғалыстың қорытындылары, жеңілу себептері және тарихи маңызы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс империализмге, отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Ол Шығысты қамтыған революциялық дағдарыстың маңызды элементтерінің бірі еді. Қазақтардың ата қонысына Ресей мұжықтарын қоныстандыру арқылы жүргізілген отарлау саясаты қарқын алған сайын көптеген орыс-украин қоныстары мен казак станицалары пайда болған аймақтардағы көтеріліс орыстарға қарсы сипат алды.

Жетісу өңірінде қоныстанушылардың 94-і көтерілісшілердің шабуылына ұшырады. Ұлтаралық қақтығыстардың салдарынан орыстар мен украиндардан 2,5 мыңнан астам адам өлді және жараланды. Патшалық генералитет пен отаршыл әкімшілік айдап салған шенеуніктер, қоныстанушы шаруалар, казактар жазалау жасақтарына қосылып, қазақ ауылдары мен қырғыз айылдарын ойрандауға қатысты.

Осындай жағдайда IV Мемлекеттік Думаның мінберінен А.Ф.Керенский жазалаушыларды әшкерелеп, патша үкіметін және Түркістан мен Дала өлкесінің отаршыл әкімшілігін сынға алды. Қостанай социал-демократиялық ұйымдарын құрушылардың бірі, публицист С.Ужгин “Қарабалықтағы оқиғалар туралы сөз” деген үнқағазын шығарды.

Орыс шаруаларының бір бөлігі көтерілісшілерге жанашырлықпен қарады, көтеріліске қатысқандарды жасырып қалды, оларға көмектесті.

Торғайда Никита Кротов көтерілісшілерді соғыс ісі шеберлігіне үйретіп, өзі жазалаушыларға қарсы шайқастардың бірінде қаза тапты. Қозғалыстың Қарқара ошағын ұйымдастырушылардың бірі Е.Е.Курев болды. Кәсіпкердің қызы Софья Вербицкая көтерілісшілер жағында шайқасты.

Ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаныштау барысында патша өкіметі өзінің дала стратегиясын жүзеге асырды. Түркістан өлкесі генерал-губернаторының айтуы бойынша, оның мәні Қазақстан мен Қырғызстанның отарлауға мейілінше қолайлы аудандарын “тазалау”

болатын. 1916 жылы Қазақстан жеріндегі қазақтардың саны жарты млн-ға жуық кеміді.

Көтерілістің жеңіліс табуының басты себептері, оның бытыранқылығынан, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігінен, арақатынастың тұрақты болмауынан еді. Шын мәнінде, өте қарапайым қарулармен қаруланған халықпен сол кездегі техниканың жетістіктерін пайдаланған империяның тұрақты армиясы соғысты. Патша шенеуніктері қоныстандыру қозғалысы жеделдете жүргізіліп жатқан өңірлерде орыс, украин шаруалары, дүнген, ұйғыр, өзбек диқандары арасындағы қайшылықтарды пайдалана білді.

Ұлттық-демократиялық зиялылар қатарында да бірлік болмады. Кейбір бай-феодалдар, хандар көтерілісшілердің мүдделерін сатып кетіп отырды. Патша үкіметі тез арада көтерілісшілерді басшыларынан айыра білді. Жетісудағы қозғалыс басшыларының бірі *Бекболат Әшекеев* Боралдай асуында жұрт алдында дарға асылды. Қарқарадағы көтеріліс жетекшілерінің бірі *Жәмеңке Мәмбетов* абақтыға қамалып, басқа 12 басшымен бірге азаптап өлтірілді.

Көтеріліс қазақ халқының таптық сана-сезімінің өскендігін көрсетті. Мындаған көтерілісшілер патша билігіне қарсы қарулы күрес мектебінен өтті. Отаршылдық езгінің ұзақ жылдары ішінде олар ұлттық мүдделерінің ортақтығын тұңғыш рет ұғынды, белсенді саяси қызметке құлшынып, өзін Ресей билігінің отаршылдық экспансиясына қарсы күрес жүргізе алатын күш деп сезінді.

Халықтық қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды. Ауқымдылығы мен қатысушыларды қамтуы және зардаптары жағынан алғанда, ол империя құрамындағы отаршылдық құлдықтың бүкіл кезеңіндегі азаттық күресінің шырқау шыңы болды. Ол туралы Әлихан Бөкейханов былай деп жазды: “Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекке қандай ел екенін білдірді... Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды”. Шын мәнінде, 1916 жыл — XX ғасырдың соңында қазақ халқының қолы жеткен саяси тәуелсіздігі

мен ұлттық мемлекеттігі үшін күрестің бір белесі болып, тарихта өз орнын алды.

- ?! 1.** Ұлт-азаттық қозғалысының Жетісу және Торғай орталықтарында болған оқиғаларын салыстыра отырып сипаттама беріндер.
- 2.** Патша отаршылдарының көтерілісшілерге қарсы күрес тәсілдері мен жазалау шараларына баға беріндер.
- 3.** 1916 жылғы қозғалыстың маңызы туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар.
- 4*.** Тақырыпқа қорытынды жасап, дәптерлеріңе жазыңдар.

ТАРАУҒА ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасыр Қазақстан үшін Ресей империясына тұтастай бодан болуымен ерекшеленеді. XX ғасырдың басында ол шикізат өңдейтін әрі сауда рыногы болып танылған отарлы өлке санатында жалпыресейлік шаруашылық кешенінің құрамды бөлігіне айналды.

Қазақ халқы отаршылдық езгіге мойынсұнып отыра бермеді, үнемі қарсылық әрекеттер жасаумен болды. Азаматтық қарсыласудың жалпылама сипат алу көрінісі патшаның 1916 жылғы маусым Жарлығына байланысты туындады. Бұл қозғалыстың негізгі себебі — ұлттық және әлеуметтік езгінің халықтың кегін қайнататын деңгейге жетуі болды. Отаршылдық болмысқа, туған елдің талануына, кіндік қаны тамған жерден айырылуға шыдамаған халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы жаппай күреске шықты. Қазақтан қара жұмысқа адам алу қозғалыстың негізгі себебі емес, оған желеу болған фактор еді. Қозғалыстың қозғаушы күші тұтастай халық бұқарасы болды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы басылып тасталды. Бірақ ол тарихтан ізсіз кеткен жоқ: халық бұқарасының ұлттық санасын оятты, отаршылдыққа қарсы күрес тәжірибесін молайтты, саяси аренаға қазақ зиялыларының демократиялық бағыттағы күрескер тобының өсіп шығуына тікелей ықпал етті.

II тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДЕГІ 1917 ЖЫЛҒЫ АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ МЕН ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ КЕЗІНДЕ

§3. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ТҮСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясының жеңісі. Ұлт саясатындағы өзгерістер. Тыл жұмысындағылардың оралуы. Революцияның елдегі саяси жағдайға ықпалы, саяси партиялар. Ә.Бөкейханов және басқа ұлт зиялылары. Мұсылмандар қозғалыстары. Ақпан революциясының прогресшіл маңызы.

Ақпан революциясының Қазақстанға әсері. 1917 жылғы ақпанда Ресейде буржуазиялық-демократиялық революция болып, монархия құлатылды. Петроградтағы оқиғалар туралы хабарды Қазақстан халқы, ұлттық-демократиялық қозғалыстың басшылары қуанышпен қарсы алды. Қазақтар патша билігінің құлатылуын құптап, оны өздерінің ғасырлар бойы жүргізген күресінің нәтижесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысында алға тартқан мақсаттарының қанағаттандырылуы деп таныды.

Майдан штабы жанындағы Қырғыз бөлімінің басшысы Ә.Бөкейханов Минскіден былай деп сәлем жолдады: "Ресей халықтары үшін Туысқандық, Теңдік және Бостандық күні туды. Жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтардың бірігуі керек. Жаңа тәртіпті нығайту үшін — басқа халықтармен туысқандық байланыстарды күшейту қажет. Құрылтай жиналысы сайлауына әзірлену керек. Бірлік пен әділдік жолында күресіңдер!.."

Ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары демократияның, бостандық пен теңдіктің орнатылуына байланысты ұлттық автономия құратын, жалпыұлттық мәселелерді шешетін сөт туды деп санады. Қазақ зиялыларының басым көпшілігі осындай көзқараста болды.

1917 жылғы наурыз, сәуір айларында әр жерде жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері құрылды. Жекелеген қалаларда (Оралда, Верныйда, Ақмолада, Семейде, Әулиеатада) қырғыз (қазақ) ұлттық комитеттері пайда болды. Кеңестермен бірге Уақытша үкімет органдары жұмыс істеді. Бүкіл елдегі сияқты, Қазақстанда да қос өкімет орнады.

Ресейде капитализм дамуының кенже қалып, соның салдарынан буржуазияның қуатты экономикалық және саяси күш болып қалыптаспағанын ескерген Уақытша үкімет реформашыл жолмен капитализмді дамытуға бет алу қажет деп санады. Алайда монархияның қойнауынан шығып, көп жағынан буржуазия мен помещиктердің саяси және экономикалық мүдделерін білдірген Уақытша үкімет Ресейді қайта өрлетудің нысаналы бағдарламасын ұсына алмады. Ол империялық ұлт саясатын қайта қарауға қадам жасады. 1917 жылғы 20 наурызда ол Ресей азаматтарының белгілі бір дін ұстануына немесе ұлтқа жататындығына байланысты құқықтарын қандай да болсын шектеудің күшін жойды. Уақытша үкіметтің бұл шешімі осынау ұлан-ғайыр өңірде ұлттық келісім орнатуға бағытталған еді.



1917 жылғы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясы, оның басталуы, барысы, қорытындылары туралы оқығандарыңды еске түсіріңдер. (Қазіргі дүние жүзі тарихы. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2005.)

Уақытша үкімет “бұратана жұмысшы жасақтарын” Отанына қайтару туралы шешім қабылдады. Жергілікті жерлерде демократиялық күштерді топтастыру үрдісі жүріп жатты. Революциялық пиғылдағы жұмысшылар Кеңес арқылы 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуге (Верный, Семей, Екібастұз), Кеңестердің бағдарламасына помещиктердің жерін тәркілеу туралы талаптарды қосуға күш салды.

1917 жылғы Ақпан революциясы патша өкіметінің геноцид саясатын тежеді, ұлт саясаты саласында өзінің жалпы адамзаттық мұраттарды — бостандықты, халықтардың теңдігін қолдайтынын мәлімдеді. Сөйте тұра, ол шет аймақтардың халқына ұлттық-аймақтық өзін-өзі билеу құқығын беруден тартынды, отаршылдық басқару органдарын жоймады. Ол аймақтарда ұлттаралық қатынастарды реттеу жөнінде жалтақ қадамдар ғана жасап, орын алып келген шиеленісті сол арқылы ғана бөсеңдетуді көздеді.

Тыл жұмысындағылардың қайтып келуі және олардың революциялық үрдіске ықпалы. Тыл жұмысшыларының орыс жұмысшыларымен, солдаттармен қатынаста болуы, олардың саяси санасының өсуіне зор ықпал жасады. Тыл жұмысшылары ереуілдерге шықты. Барлық жерде тыл жұмысшыларының орыс солдаттарымен одағы нығая түсті.

Тыл жұмысшыларының ахуалды тани білетін кейбіреулері туған өлкесіне түрлі партия мүшесі болып оралды. Бұрынғы “реквизицияланған жұмысшылар” 1917 жылдың шілдесінде Верныйда “Қара жұмысшылар одағын” құрды. Сергиопольде (Аягөздің жанында) 800 майдангер солдаттар мен “тыл жұмысына” алынған қазақтар “Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымын” ұйымдастырды. Тыл жұмыстарына Петропавлдан алынғандар қайтып келген соң, “Жас арбакештер одағын” құрды.

Тыл жұмысшылары барлық жерде күрескерлердің алдыңғы сапында болып, өлкедегі азат етуші күштердің маңдай алды ұлттық отряды атынан өкілдік етті. Тыл жұмысшыларының аштық пен қорлық көрген, ашынған бұқарасы Уақытша үкіметке қарсы оппозицияның өлеуметтік тірегіне айналды.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен ағымдар. Ұлттық демократияшыл зиялылар ұлт азаттығы идеясын таратушы, қазақ халқының ұлттық санасын оятушы, отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші болды. Ол күресті Ресейдің либералдық-демократиялық қозғалысының көрнекті қайраткері, бұрын кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған Әлихан Бөкейханов басқарды. Көрнекті ағартушылар мен демократтар, революциялық



Әлихан Бөкейханов

қозғалысқа белсене қатысушы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Ж.Ақбаев, М.Шоқаев, М.Тынышбаев және басқа көптеген адамдар оның пікірлес серіктеріне айналды. Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету, эволюциялық-конституциялық жолмен автономиялық ұлттық мемлекет құру идеясы қозғалыстың негізгі өзегіне айналды. 1905 жылы бой көрсеткен алаш қозғалысы Ақпан революциясынан кейін қайта жанданды. 1917 жылғы сәуір, мамыр айларында “Алаш” партиясының облыстық, ішінара уездік съездері болып өтті. Онда маңызды мәселелер қаралды.

Қазақтардың 1917 жылғы сәуір айында болған Жетісу облыстық съезі азықпен жабдықтау, жергілікті өзін-өзі басқару, сот ісін жүргізу, салық салу, білім беру және ағарту мәселелерін қарады. Аграрлық мәселе де қызу талқыланды. Съезд “Облысқа сырттан әкеліп қоныстандыруға жол бермеу қажет” деп тапты. “Қазақтардың орыстармен өзара қарым-қатынасын реттеу едістері”, “Босқындарды Қытайдан қайтару мәселесі” арнайы қаралды.

Қазақтардың 1917 жылғы көктемдегі Семей облыстық съезі Жалпықазақ съезіне Қазақстанның болашақ автономиясын құруды ұсынды.

1917 жылғы 21—26 шілдеде Орынборда Жалпықазақ съезі болып, оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Ішкі Бөкей ордасынан делегаттар қатысты. Съезд мемлекеттік басқару формасын, қазақ облыстары автономиясын, жер мәселесін,

халықтық милиция ұйымдастыру, земство, халыққа білім беру, сот, рухани-діни мәселелерді қарады.

Қазақтың демократияшыл жұртшылығын қазақ мемлекеттігі, демократиялық реформалар, ұлттың саяси өзін-өзі билеуі үшін қажетті алғышарттар жасау мәселелері толғандырды. Съезд қазақтың "Алаш" саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, оның бағдарламасын жасау қажет деп тапты. "Мемлекеттік басқару формасы" мәселесі бойынша съезд "Ресейде демократияшыл федерациялық парламенттік республика болуға тиіс" деп шешті. Съезд "Қазақ облыстары ұлттық-аймақтық автономия алуға тиіс" деп тапты. Съезд Қытайдағы 83 мың қазақ босқындары және 1916 жылғы оқиғаларға қатысып, Жетісу казактары мен Уақытша үкімет органдары тарапынан кемсітушілік пен қуғындауға ұшырағандар жөнінде өз көзқарасын білдірді. Съезд өлке еңбекшілерін Жетісудың ашыққан қазақтарына тез арада және шын мәнінде көмек ұйымдастыруға шақырды.

Ақпан революциясынан кейін Ресейдің ұлт аймақтарында мұсылмандар қозғалысы жандана түсті. 1917 жылғы сәуір айында Түркістан, Башқұртстан, Татарстан, Кавказ мұсылмандарының съездері болып өтті. 1917 жылғы мамырда мұсылмандардың Бүкілресейлік съезі болды. "Соғысқа көзқарас" мәселесі бойынша съезд өзінің ұранын "Еуропа, Азия мен Африка халықтарының өзін-өзі билеуі негізінде аннексиясыз және контрибуциясыз бітім" деп мәлімдеді. Съезд "Ресейдің мемлекеттік құрылыс формасы ұлттық-аймақтық федерациялық негіздегі демократиялық республика" деп тапты. Съезде әйелдер мәселесі қызу талқыланды.

250 молданың қарсылығына қарамастан, "Мұсылман әйелдері саяси құқықтары жағынан да, азаматтық құқықтары жағынан да еркектермен тең болуға тиіс" деген қарар қабылданды. Съезд көп әйел алушылық пен қалыңмалға қарсы шықты.

Жұмысшы мәселесін талқылағаннан кейін съезд 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, ана тілінде, міндетті және тегін жалпыға бірдей бастауыш білім беруді енгізу туралы қарар қабылдады.

Ресейдің шет аймақтарының 30 млн халқына ықпалын жүргізген мұсылман қозғалысының қаулап дамуы бірқатар ислам партияларының құрылуына алып келді. 1917 жылғы қыркүйекте тұңғыш мұсылман партиясы — *Түркістан федералистер партиясы* құрылды.

Діни сипатына қарамастан, бұл саяси ағымдар Түркістан мен Қазақстан жерінде тұратын халықтардың жалпыұлттық мүдделерін де білдіреді. Сол кездің өзінде-